

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар мемлекеті Үкіметінің арасындағы Жастар ісі мен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 шілде N 948

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 22 сәуірде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекеті Үкіметінің арасындағы Жастар ісі мен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы жастар және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім**

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 2, 17-құжат)  
(2000 жылғы 14 наурызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж., Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 93 бет)

Бұдан былай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен К а т а р                      М е м л е к е т і н і ң                      Ү к і м е т і ,  
екі ел арасындағы достық пен түсіністікті нығайтудағы өзара мүддені ескере  
о т ы р ы п ,  
жастар және спорт саласындағы ынтымақтастықты қолдауға ұмтыла отырып,  
екі елдегі қолданыстағы заңдар мен жастар ұйымдары жарғыларына сәйкес,  
төмендегілер жөнінде келісті.

1-бап

Тараптар жастар саласындағы өзара қарым-қатынастарды дамытуға келесі  
б а ғ ы т т а р д а                      ы қ п а л                      е т е т і н                      б о л д ы :

1. Түсіністік пен достастыққа қол жеткізу үшін екі елдің жастар делегацияларын  
а л м а с у ;

2. Жастар қызметін дамытуға жәрдемдесетін мынандай салаларда ынтымақтастық  
ж а с а у ;

- ж а с т а р д ы ң                      ғ ы л ы м и                      к л у б т а р ы ;

- ж а с т а р                      о р т а л ы қ т а р ы ;

- ж а с т а р                    л а г е р ь л е р і ;
- жастардың ғылыми және шығармашылық орталықтары;
3. Екі елдегі жастар ұйымдары туралы ережелер, ақпарат мен зерттеулер алмасу;
4. Екі елдегі жастар ісі жөніндегі өкілетті органдар жауапты өкілдерінің сапарларын алмасу ;
5. Екі елдегі өткізілетін халықаралық жастар іс-шараларына қатысу жөніндегі шақырулар алмасу ;
6. Екі елде кезектесіп жастардың бауырластық апталықтарын өткізу.

#### 2-бап

Тараптар спорт саласындағы өзара қарым-қатынастарды дамытуға келесі бағыттарда ықпал ететін болады:

1. Спорт делегациялары мен командалар сапарларын алмасу, спорт лагерьлерін ұйымдастыру мен достық сипаттағы спорттық ойындар өткізу;
2. Спорт ісі жөніндегі ақпараттар, зерттеулер мен дәрістер алмасу;
3. Екі елде өткізілетін халықаралық спорт жарыстарына қатысу туралы шақырулар алмасу ;
4. Спорт медицинасы саласындағы ынтымақтастық, спорттық жабдықтар мен ғимараттарды басқару мен қамтамасыз ету, мүгедектердің қатысуымен спорт жарыстарын өткізу және барлық бағдарламаларға арналған спорт саласындағы ынтымақтастық ;
5. Спорт кеңесшілерімен, мамандарымен, жаттықтырушыларымен алмасу.

#### 3-бап

Тараптар жастар және спорт істері жөніндегі ұйымдар мен департаменттердің келесі бағыттардағы тиімді ынтымақтастығына барлық күш-жігерін жұмсайтын болады :

1. Құрлықтық және халықаралық деңгейде, соның ішінде Азия Спорт Конфедерациялары мен кеңестер алмасу және ынтымақтастық;
2. Тікелей байланыс жасау арқылы екі елдің Ұлттық Олимпиадалық Комитеттері, сондай-ақ спорт федерациялары мен ассоциациялары жұмысын үйлестіру, ынтымақтастығын жүзеге асыру.

#### 4-бап

Жастар және спорт делегацияларының алмасуына байланысты тиісті қаржылық шығындар толығымен жіберуші Тараптардың есебінен жүзеге асырылады.

#### 5-бап

Осы Келісімге жеке хаттамамен рәсімделетін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### 6-бап

Осы Келісімнің жүзеге асырылуына өкілетті органдар мыналар:  
- Қазақстан жағынан - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және

қоғамдық келісім министрлігі - жастар істері жөнінен, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі - спорт жөнінен;

- Катар жағынан - Катар Мемлекетінің жастар және спорт істері жөніндегі "YASA" Б а с ш т а б ы ;

- немесе екі жағдайда да осы уақытта жоғарыда аталған өкілетті орган міндетін атқарушы тұлғалар мен ұйымдар.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін талқылау немесе қолдану барысында туындайтын кез-келген пікір қайшылықтары мен келіспеушіліктері Тараптардың арасында кеңес алмасу келіссөз жүргізу жолымен достық жағдайда шешіледі.

8-бап

Осы Келісім Тараптар тиісті ішкі мемлекеттік талаптарды орындаған жағдайда күшіне енеді және бес жылға дейін қолданылады. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Келісімнің іс-қимылын өзінің тоқтатқысы келетіні туралы тиісті мерзімнің аяқталуына кемінде алты ай уақыт қалғанда хабарламаған болса, ол келесі бес жыл мерзімге өзінен өзі ұзартылатын болады.

Осы Келісімнің ережелері осы Келісім күшінде болған кезеңде бекітілген барлық контрактілер мен бағдарламаларға қолданылады.

Астана қаласында 1999 жылдың 22 сәуірінде екі данада әрқайсысы қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдерінде, барлық мәтіндерінің күші бірдей болып жасалды. Осы Келісімнің ережелерін талқылау барысында келіспеушіліктер орын алған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Катар Мемлекетінің

Үкіметі үшін

О қ ы ғ а н д а р :

Қ о б д а л и е в а Н .

Омарбекова А.